

8D023 Тілдер және әдебиет: 8D02310-«Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Батырбекова Камшат Айшигаровнаның «Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі «Байтарат’ул-вазих» жазба ескерткіші тілінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы), Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы) сонымен қатар «Мәдени мұра» «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына сәйкес келеді. Еліміздің саяси-әлеуметтік даму үдерісінде, жаһандану тұсында түркі этностарының арасындағы өзара әдеби, тілдік, мәдени қарым-қатынастардың, тарихи лексикологиялық сабақтастықтың жаңа көздерін зерделеу маңызды. Себебі Қазақстан Түркі дүниесінің – қара шаңырағы. 2021 жылғы 14 қарашада Ыстанбулда түркі елдерінің мемлекет басшыларының қатысуымен өткен саммитте «Бүгіннен бастап біздің бірлестік Түркі мемлекеттерінің ұйымы деп аталады. Бұл қадам елдеріміз арасындағы ықпалдастықты ілгерілету ісін жаңа

		деңгейге көтеріп, ұйымның мәртебелі миссиясын жүзеге асыруға тың серпін береді деп сенеміз», – делінген. Сонымен қатар ҚР-ның Президент Қ.К. Тоқаев Ұйымның жаһандық деңгейде лайықты орын алатынына сенім білдіріп, «Менің пікірім бойынша ұйымымыз, ең алдымен, экономикалық, гуманитарлық және экологиялық ынтымақтастыққа баса мән бергені жөн», – деген еді. Бұл зерттеу «Түркі әлемінің келешегі-2040» құжатының бағдарламасына толық сай келеді. Президент түркі елдерінің рухани дереккөздерін зерделейтін жобаларға ерекше көңіл бөлу керек деп санайды. Сондай-ақ Монғолияда жүргізген қазба жұмысының нәтижесіне, Құтлық қағанның кешені табылғанын айта келіп, «Бұл – «түркі» деген сөзі бар ең көне жазба ескерткіш. Осы орайда ол Түркі халықтарының ортақ жазба мұрасын зерттеуге арналған «жол картасын» әзірлеуді ұсынды. 2023 жылы «Түркі дәуірі» ұранымен Қазақстанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының X саммиті, 2024 жылы Бішкекте өткен XI саммиті түркі ынтымақтастығын арттырып, байырғы түркілердің тарихи жадын бүгінгі таңда қайта жаңғыртып отыр. Сан қатпарлы түркі тарихының терең сырын білдіретін «Байтаратул-вазих» сынды тарихи жәдігерлер ғасырлар қойнауынан ортамызға үзілмей жетті. Түркі жұрты үшін ғана емес, жалпы өркениетті адамзат қауымы үшін баға жетпес құндылық екені рас. Бүгінгі таңда саяси-әлеуметтік, гуманитарлық пән ретінде әлеуеті артып отырған түркітану ғылымы үшін «Байтарат’ул-вазих» ескерткішін Түркі дүниесінің рухани мұрасы ретінде зерделеудің маңызы зор. Жазба ескерткішті бүгінгі күннің ғылыми жетістіктері аясында зерттеп-зерделеу, насихаттау, сол арқылы түркітанушы, шығыстанушы, деректанушы ғалымдардың зертханалық-интеллектуалдық траекториясын кеңейту – аса өзекті.
--	--	---

			Жалпы тіл біліміне, түркітану саласына қатысты тарихи, әдеби жазба жәдігерліктерді заманауи тың әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, әртүрлі деңгейде қарастыру – этнос ретіндегі бірегейлік пен ұлттық кодымызды қайта қалыптаудың, нықтаудың негізі.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы» бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың ғылымға елеулі үлес қосатыны айқын. Еңбектің теориялық маңызы зор. Зерттеу жұмысының нәтижелері тарихи лексикологияның теориялық мәселелеріне, деректану, текстология, лексикография мәселелерінің бірқатар көкейкесті тұстарын толықтыруға үлес қосады. XIII ғасырда көне қыпшақ тілінде жазылған Байтарат'ул-вазих жазба ескерткішінің лексика - семантикалық ерекшеліктерін анықтау – ғылыми

			жетістік. Зерттеу жұмысымыздың тұжырымдары мен нәтижелері, диссертацияның материалдары түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігі, түркі тілдерінің түсіндірме сөздігі, тарихи сөздігі, этимологиялық сөздігін құрастыруда дереккөз ретінде қолдануға болады. Практикалық маңызы бар.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары. Еңбек ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай. Сүйенген материалдары нақты тілдік деректермен дәйектелген. Диссертанттың ғылыми ойды өз бетінше жүйелеуі, мысалмен дәлелдеуі дәйекті, тұжырымдары айқын. Зерттеу барысында нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген және олардың арасында тығыз логикалық байланыс бар.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі дәлелді тұрғыда негізделген. Жазба ескерткішті текстологиялық тұрғыдан жаңа ғылыми әдіс-тәсілдерге сүйеніп қайта зерттеп, қазақ тілімен лексикалық сабақтастығын дәлелдей білген. Өйткені тілдің бүгінгі сырын танып білу үшін өткенін бағамдап, оның табиғи дамуы мен өзгеру заңдылықтарын анықтау маңызды. Жұмыста жасалған тұжырымдар мен нәтижелер бір-бірімен өзектес әрі сабақтас, ішкі бірлігі сақталған. Диссертацияның құрылымы мен мағыналық, мазмұндық желісі үйлесімді өрілген. Жұмыс осы деңгейдегі ғылыми диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысының бөлімдері бір-бірімен ғылыми-логикалық тұрғыда сабақтаса байланысқан. Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Зерттеу XIII ғасырда көне қыпшақ тілінде жазылған «Байтарат’ул-вазих» жазба ескерткіші лексикасын қазіргі қазақ тілінің тұрғысынан талдап, жіктемелік топтастыру арқылы қыпшақ тіліндегі фоно-лексикалық ерекшеліктерді анықтауды мақсат еткен. Нақты міндеттер көзделген: – «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінің жазылу және зерттелу тарихына шолу жасап, жанрлық құрылымы мен мазмұндық ерекшеліктерін талдау, палеографиялық-кодикологиялық сипаттама беру, сондай-ақ ескерткіш тіліндегі фонетикалық құбылыстарды тарихи-компаративтік әдіспен саралап, дыбыстық жүйесі мен фонетикалық заңдылықтарын, қазіргі қазақ тілімен тоғысу жолдарын айқындау; – Ескерткіш лексикасының қазіргі қазақ тілінде қолданылу дәрежесін салыстыра отырып, сөздерді сөз таптарына жіктеу және олардың мағынасы мен тұлғасының сақталу деңгейіне қарай топтастырып (тұлғасы мен мағынасы сақталған; фонетикалық өзгеріске ұшыраған, бірақ мағынасы сақталған сөздер), сандық тұрғыда статистикалық талдау жүргізу; – «Байтарату’л-вазих» мәтініндегі кірме сөздерді анықтап, оларды екі топқа: 1) ескерткіш тілінде ғана қолданылып сол кезеңдегі мәмлүк-қыпшақ қоғамына түсінікті араб сөздері; 2) ескерткіш тілінде де, қазіргі қазақ тілінде де қолданылып жүрген арабизмдерді ажырату. Ескерткіш тіліндегі діни сөздердің табиғатын, мағыналық аясын және қолданылу ерекшеліктерін зерттеу, кірме сөздерге статистикалық талдау жасау; – Мәмлүк-қыпшақ кезеңіндегі «Китаб фи риязати-л-хайл», «Муният ул-гузат», «Китаб фи ғылым ән-нушшаб» ескерткіштері
--	--	---	---

		негізінде атбегілік пен ветеринария саласына қатысты кәсіби лексиканың құрылымы мен терминдену ерекшеліктері фонетикалық және лексикалық тұрғыдан талданады. Қолжазбалардағы тілдік бірліктердің лингвомәдени мәні ашылып, қазіргі қазақ тіліндегі баламаларымен салыстыра отырып, кәсіби лексиканың қалыптасуы мен тіл сабақтастығы зерттеледі. – «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішіндегі жылқыға қатысты атауларды тарихи-мәдени және семантикалық тұрғыдан зерттеп, олардың қазіргі қазақ тіліндегі қолданылуын анықтау. Жылқыға қатысты атаулардың сақ-ғұн дәуірінен бастап ортағасырлық жазба ескерткіштер, ауыз әдебиеті (эпостар, ертегілер, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер) және қазіргі прозалық, поэзиялық шығармалардағы көріністері арқылы қарастыру. Сонымен қатар, жылқы түлігіне қатысты ырым-тыйымдар мен салт-дәстүрлерді айқындап олардың тілдік және мәдени сабақтастығын анықтау. Қолжазбадағы жылқы малына қатысты соматикалық бірліктердің лексика-семантикалық құрылымын мағыналық ауқымын, қолдану контексттерін және функционалдық ерекшеліктерін, танымдық сипатын ашу көзделеді. Осы терминдердің қазіргі қазақ тіліндегі қолданылу аясы мен мағына өзгерістерін салыстырмалы түрде қарастырып, олардың тарихи сабақтастығын, тілдік даму үрдісіндегі рөлін көрсету; – «Байтарату’л-вазих» ескерткішіндегі туыстық қатынас пен материалдық мәдениет атауларын этно-мәдени тұрғыдан зерттеу. Туыстық қатынастар мен тұрмыстық лексиканың тарихи қалыптасуы мен мағыналық дамуын анықтап, олардың тілдік бейнесі арқылы ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ қоғамының мәдени және әлеуметтік болмысын сипаттау. Сонымен бірге, осы атаулардың қазіргі қазақ тілі мен мәдениетіндегі жалғастығын көрсету арқылы тіл мен мәдениеттің байланысы мен ұлттық
--	--	---

		дүниетанымның тілдік көрінісін айқындау мақсат етіледі. Ескерткіш тіліндегі табиғат пен жаратылысқа қатысты лексикалық бірліктердің тарихи дамуын жан-жақты зерттеу. Атаулардың мағыналық кеңістігін ашып, оларды ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерімен салыстыра отырып, семантикалық ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтау. Сонымен қатар, осы бірліктердің қазіргі қазақ тіліндегі қолданылуы мен мағына өзгерістерін талдап, тілдік құрылым мен мәдени мазмұн тұрғысынан сабақтастығын көрсету арқылы тұжырымдар жасалған. Ізденіс барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан. Диссертацияның бірінші тарауы «Байтарату’л-вазих» ескерткішінің зерттелу тарихын, құрылымын және қазіргі қазақ тілімен фоно-лексикалық байланысын сипаттайды. Сонымен қатар ескерткіштің зерттелуі, ғылыми айналымға енуі, әртүрлі тілдерде басылып шығуы, палеографиялық және кодикологиялық белгілері талданады. Түркологтардың пікірлері сараланып, мәтіннің лексика-грамматикалық сипаты анықталады. Палеографиялық талдау жазу ерекшеліктерін, кодикологиялық талдау қолжазба материалын айқындайды. Сондай-ақ ескерткіштің фонетикасы қарастырылып, дыбыстар жүйесі мен дыбыстық алмасулар тарихи-компаративтік және диахрондық әдістер арқылы талданады. Көне қыпшақ тіліндегі фонетикалық құбылыстардың қазақ және басқа түркі тілдеріндегі жалғастығы көрсетіліп, дыбыстық эволюцияның негізгі заңдылықтары ашылады. Тағы да ескерткіш лексикасының қазақ және өзге түркі тілдерімен фоно-морфо-лексикалық сабақтастығы зерттеледі. Көнетүркілік түбірлердің морфологиялық құрылымы, фонетикалық ерекшеліктері және

		түркі тілдеріндегі қолданысы салыстырылып, типологиялық ұқсастықтар айқындалады. Диссертацияның екінші тарауында «Байтарату’л-вазих» ескерткішінің лексика-семантикалық жүйесі қарастырылып, араб, парсы, моңғол кірме сөздерінің табиғаты мен олардың тарихи-мәдени негіздері талданады. Ескерткіштің араб графикасымен жазылуы және ислам өркениетімен сабақтастығы араб-парсы элементтерінің енуін күшейткенін көрсетеді. Кірме лексика екі топқа бөлініп зерттелді: қазіргі қазақ тіліне енбеген шамамен 100 лексема және тілдік қолданыста орныққан 80-ге жуық араб-парсы сөздері. Мағыналық трансформациялар мен тарихи-тілдік ықпалдастық та кешенді сипатталды. Жылқы атаулары мен ветеринариялық лексикаға арналған тарауда ескерткіш деректері «Китаб фи рийазати-л-хайл», «Муният-ул-гузат» және басқа мәтіндермен салыстырылды. Жылқыға қатысты терминдер семантикалық, этимологиялық және мәдени бағытта талданып, қазіргі қазақ тіліндегі баламаларымен салыстырылды. Ескерткіште 249 ауру атауы, 107 емдік тәсіл, 246 жақпа және 315 дәрілік қоспа тіркелгені ортағасырлық ветеринарияның дамығанын дәлелдейді. Ауру және дәрілік атаулардағы түркі және араб-парсы элементтерінің тоғысы, олардың қазіргі тілдегі жалғастығы анықталды. Жалпы, бұл тараулар ескерткіш лексикасының тарихи дамуы мен қыпшақ қоғамының мәдени-рухани болмысын тілдік дерек негізінде тануға мүмкіндік береді. Үшінші тарауда Жылқы соматикасы тарауында Байтарату’л-вазих қолжазбасындағы жылқы дене мүшелерін білдіретін 60-тан астам атау анықталып, олардың морфологиялық, семантикалық, этнолингвистикалық және когнитивтік қырлары талданды. Атаулардың контекстік қолданысы, символикалық-мағыналық реңктері, көне түркі
--	--	--

		мұраларымен сабақтастығы және олардың концептуалдық модельдердегі орны көрсетілді. Цифрлық талдау лексемалардың жиілігі мен семантикалық байланыстарын айқындады. Туыстық қатынас және материалдық мәдениет лексикасы тараушасында адамға, туыстық жүйеге және әлеуметтік мәртебеге қатысты 52 атау зерттеліп, олардың XIV ғасыр қыпшақ қоғамының әлеуметтік құрылымы мен мәдени танымын бейнелеудегі рөлі анықталды. Материалдық мәдениет атаулары халықтың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық және әскери өмірі жөнінде маңызды деректер беріп, түркі тілдерімен салыстыру арқылы жалпы және жергілікті ерекшеліктері жүйеленді. Зоонимдер, фитонимдер және жаратылыс құбылыстары тарауында табиғатқа қатысты 65-тен астам атау талданып, олардың тарихи-семантикалық дамуы, этнолингвистикалық және мәдени-символдық мазмұны ашылды. Зоонимдер, өсімдік атаулары және табиғат құбылыстары қыпшақ дәуірінің дүниетанымын танытатын лексикалық қабат ретінде сипатталып, қыпшақ тобы тілдерімен салыстырмалы түрде қарастырылды. Қорытындысында, бұл тараулар ескерткіш лексикасының тарихи, мәдени және этнолингвистикалық жүйесін ашып, түркі дүниетанымының тілдегі көрінісін кешенді ғылыми деңгейде сипаттайды. Жұмыстың құрылымдық бөлімдері арасында логикалық сабақтастық сақталған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) <u>талдау жартылай</u>	Диссертант өзі қарастырып отырған тілдік материалдардың әрқайсысына сыни көзқарас тұрғысынан талдау жасайды. Зерттеудің тақырыбы бойынша ұсынылған диссертанттың қорытындылары мен шешімдері нақты дәлелдермен тиянақталған, бұған дейінгі пікір-шешімдермен салыстырылып отырады.

		жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттарын тың тұжырымдар деп тануға болады. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаты пен міндеттерін жүзеге асыру барысында төмендегідей жаңа нәтижелерге қол жеткізген: Жұмыстың нәтижелері жалпы әлемдік лингвистика тарихына, түркітану ғылымының рухани қажеттіліктеріне сүбелі үлес қоса алады. Зерттеу жұмысының құндылығы ретінде «Байтарат’ул-вазих» жазба ескерткіші мәтінің қазақ тіліндегі толық транскрипциясы мен еркін аудармасы жасалынған. Зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттарын толығымен жаңа деп тануға болады
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Себебі зерттеуші жұмыстың мақсатына жетуде, міндеттерді шешуде өзіндік жаңа тұжырымдар ұсынған. Әсіресе, заманауи әдіс-тәсілдерге сүйеніп, жазба ескерткіш лексикасының қазақ тілімен сабақтастығын талдай келе тың қорытындылар жасаған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Техникалық және басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияның әрбір бөлімдерінен кейін қысқаша тұжырымдар, соңында жұмыстың толық мазмұнын қамтитын, зерттеу нәтижелеріне негізделген көлемді қорытынды берілген. Алынған барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру	<u>1-қағидат</u> «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіші – мәмлүк қыпшақ дәуіріндегі тіл мен мәдениеттің айнасы. Оның жанрлық құрылымы – практикалық бағыттағы ғибраттық-дидактикалық шығарма, ал мазмұны – өмірлік тәжірибе мен моральдық-этикалық нормаларға негізделген. Палеографиялық және кодикологиялық тұрғыдан алғанда, ескерткіш ортағасырлық түркі жазба дәстүрін сақтаған. Қолжазбада жазу жүйесі, графикасы, жазу техникасы мен материалдары мәмлүк кезеңінің жазу мәдениетін сипаттайды. 7.1 Қағидат дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Ия, жаңа (1). 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген(1). <u>2-қағидат.</u> «Байтарат’ул-вазих» жазба ескерткішіндегі Фонетикалық құбылыстар тарихи-компаративтік әдіспен талданып, ескерткіш тіліндегі дыбыстық жүйе мен заңдылықтардың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы анықталды. Лексика-семантикалық сараптама нәтижесінде, сөздердің 65%-ы тұлғасы мен мағынасы сақталған; 25%-ы фонетикалық өзгеріске ұшыраған, бірақ мағынасы сақталған; 10%-ы көнерген немесе

	мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	түсініксіз. Сөз таптарына жіктеу нәтижесінде, есім сөздер мен етістіктердің үлесі басым екені анықталды, бұл ескерткіштің практикалық сипатымен тығыз байланысты екені анықталды. Нәтижесінде ескерткіш тілінің қазіргі қазақ тіліне өте жақын екенін нақты лингводеректермен дәлелденді. 7.1 Қағидат дәлелденген (1). 7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Ия, жаңа(1). 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген(1). <u>3-қағидат.</u> 7.1 дәлелденген (1) 7.2 тривиалды емес (2) 7.3 жаңа (1) 7.4 қолдану деңгейі кең (3) 7.5 дәлелденген (1) <u>4-қағидат.</u> «Байтарат’ул-вазих» кірме сөздерге жүргізілген талдаулар бойынша I топ ескерткіш тілінде сақталған, мәмлүк дәуіріндегі реалийлерді білдіретін араб сөздері, II топ: қазіргі қазақ тіліне енген арабизмдер. Жалпы кірме сөздер саны мәтіннің 30 %-ын құрайды, бұл араб мәдени ықпалының басымдығын көрсетеді. Діни лексика-негізінен ислам дінінің негізгі ұғымдары мен этикалық категорияларын қамтиды. Олар қазіргі қазақ тілінде де актив қолданылады. Мәмлүк дәуіріндегі кәсіби лексика (атбегілік, ветеринария саласы) ортағасырлық ескерткіштері «Китаб фи риязати-л-хайл», «Китаб фи ғылым ән-нушшаб», «Муният ул-гузат», т.б.) қолданылған терминдердің фонетикалық және семантикалық құрылымы қазіргі қазақ тіліндегі жылқы шаруашылығына қатысты кәсіби сөздермен тығыз байланысты 7.1 Қағидат дәлелденген (1).
--	--	--

			7.2 Тривиалды емес (2). 7.3 Жаңа(1). 7.4 Қолдану деңгейі кең (3) 7.5 Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1). <u>5-қағидат.</u> Жылқыға қатысты атаулар мен терминдер тарихи-мәдени сабақтастықта дамып, қазіргі қазақ тілінде де мағынасы сақталып отыр (<i>ayyır, at, qulan, hunān, quln,tay, qisraq</i>). Ескерткіште жылқының сыртқы пішіні, мінезі, түстері мен қолдану мақсатына қатысты атаулар кең қолданылған. Жылқы туралы танымдар көне дәуірден бастап ауыз әдебиеті мен жазба ескерткіштер арқылы жалғасып, қазіргі қазақ прозасы мен поэзиясында өз жалғасын тапқан. Бұл – жылқының тек шаруашылық қана емес, мәдени-танымдық нысан ретіндегі рөлін айғақтайды. Ескерткіш тіліндегі жылқы соматикасына қатысты атаулар кең мағыналық өріске ие болып, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде жиі қолданылады. Бұл олардың тілдік жүйедегі қызметін арттырады. 7.1.Қағидат дәлелденген (1). 7.2.Тривиалды емес (2). 7.3.Жаңа(1). 7.4.Қолдану деңгейі кең (3) 7.5.Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1). <u>6-қағидат.</u> Туыстық атаулар мен тұрмыстық зат атаулары арқылы мәмлүк-қыпшақ қоғамының әлеуметтік құрылымы мен мәдени бейнесі ашылады. Мысалы мынандай сөздердің (<i>ata, ana, oғul, oylan, hatun, irkek, bala, qarındaš, kiši, yigit</i>) қазіргі қазақ тілінде де мағыналық тұтастығын сақтаған. Табиғат пен жаратылысқа қатысты лексикалық бірліктер (мыс: жер, су, күн, жел) – түркі халықтарының дүниетанымын сипаттайтын тірек ұғымдар. Ескерткіште бұл атаулар метафора, эпитет түрінде көрініп, қазіргі
--	--	--	---

			қазақ тіліндегі поэтикалық дәстүрмен үндеседі. 7.1. Қағидат дәлелденген (1). 7.2. Тривиалды емес (2). 7.3. Жаңа (1). 7.4. Қолдану деңгейі кең (3) 7.5. Басылып шыққан ғылыми мақалаларда дәлелденген (1).
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Иә. Әдістеменің таңдауы: негізделген. Диссертациялық жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес жалпы қазіргі тіл білімі мен түркітану ғылымдарында қалыптасқан негізгі ұстанымдар мен лексикалық-семантикалық, уәждемелік дамудың мәдени-тарихи үрдісін айқындайтын ғылыми әдістер мен тәсілдер пайдаланылған. Атап айтсақ, тарихи-салыстырмалы (historical-relative), лексика-семантикалық (lexico-semantic), этимологиялық (etymological), типологиялық (typological), фактологиялық-салыстырмалы (factological-comparative), деректанулық (source), палеографиялық (paleographic), кодикологиялық (codicological), лексикостатистикалық (quantitative linguistics), сияқты әдістер ескерткіш мәтінін тарихи және мәдени контексте жан-жақты қолданған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Иә. Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану негізінде алынған. Жалпы ғылыми-теориялық әдістер, арнайы лингвистикалық әдістер, лингвомәдени және этимологиялық талдау әдістері орынды қолданылған.

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы маңызды тілдік, мәдени деректер, теориялық тұжырымдар, жіктемелер және т.б. сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу нысанына қатысты ғылыми шолу жасауға, сараптауға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізілген тұжырымдар түркі тіл білімі, қазақ тілі тарихи лексикологиясы, түркі тілдерінің салыстырмалы лексикасы, Қазақ тілі тарихи грамматикасы, Қыпшақтанудың теориялық негізіне үлес қоса алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі	Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелері жалпы әлемдік лингвистика тарихына, түркітану ғылымының рухани қажеттіліктеріне, тарихи лексикология,

		жоғары: 1) ия; 2) жоқ	семасиология, фонохронология, терминология сияқты ғылым салаларына дереккөз бола алады. Оқу-әдістемелік деректерін толықтыруда, ғылыми еңбектерді жазу барысында пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеудің практикалық талдаулары, ұсыныстары толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен рәсімделуі талапқа сай. Жұмыс ғылыми стильде жазылған.
11	Диссертацияға ескерту		1. «Байтарат’ул-вазих» жазба ескерткішінің тілінде кездесетін атбегілікке байланысты сөздерді ортағасырларда жазылған басқа да жазба ескерткіштер лексикасымен салыстыра қаралғанда диссертацияның құдылығы одан да арта түсер еді. 2. Диссертациялық еңбектің 29 бетінде (емшек, шөмше), 32 бетінде (ұлук), 54 бетінде (Аллах, фариз) арабша сөздер мен оның транскрипциясында қателер бар. Сондықтан бұлардың транскрипциясын беру барысында міндетті түрде сөздіктерге жүгінген жөн. (54 б.), (32б.), (29 б). 3. Зерттеу жұмысының өн бойында кейбір пунктуациялық және орфографиялық қателер кездеседі (25, 92, 98 бб.).
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы		Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі өте жоғары, мәселен, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім

	бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – БҒСҚК) ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған журналдардағы мақалалары: 1. Мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған жазба ескерткіштер және «Байтарату’л-вазих» қолжазбасының маңызы. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. № 4 (149) Түркістан, 2024 ж. Б.45-60. 2. «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінде кездесетін соматикалық атаулардың лексика-семантикалық сипаты Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы, ғылыми журнал. №2 Астана, 2025 ж. Б.296-309 3. Ортағасырлық жазба ескерткішіндегі атбегілікке қатысты тілдік бірліктердің лингвомәдени ерекшеліктері («Байтарату’л-вазих» және Кодекс Куманикус жазба ескерткіштері негізінде) Қ.А.Ясауи атындағы университетінің Хабаршысы ғылыми журнал. №2 (134). Түркістан, 2025ж. Б.190-206. 4. «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіш тіліндегі жалпытүркілік лексиканың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы. Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы №2/ 2025 5. «Қазақ есімдерінің тарихи және заманауи қолданысы: әлеуметтік-мәдени факторлар және статистикалық өзгерістер» Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы, №3/ 2025. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда: 1. Ортағасырлардағы атбегілікке байланысты жазылған «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткіші. «Әуезов оқулары – 23: Хакім Абайдың-180 жылдығына арналған Абай феномені және жаңа танымдық өрістер» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясының еңбектері. Том – 1, Шымкент, 2025 ж. Б.40-45
--	---	--	---

			2. Ортағасырлық «Байтарату'л-вазих» мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткішіндегі діни сөздердің қазіргі қазақ тілінде қолданылуы. “Turkiy xalqlar adabiyotiga doir zamonaviy yondashuvlar: muammolar, omillar, yechimlar” mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya materiallari. Toshkent-2025ж., Б.26-28. т.б. мақалалары зерттеу тақырыбын әр қырынан алып тыңғылықты талдап, зерделеуімен құнды еңбектер болып саналады.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Докторант Батырбекова Камшат Айшыгаровна 8D023-Тілдер және әдебиет: 8D02310-«Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деген ұсыныс білдіремін.

Ресми рецензент:

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
«Түркітану» кафедрасының ф.ғ.д., профессор:**



Ескеева Мағрипа Қайнарбаевна

